За политехнические знания

№4(1650)
30 сәуір
2026 ж.

# SAGINOV TECHNICAL UNIVERSITY

SAGINOV TECHNICAL UNIVERSITY 1953

ҚарТУ газеті 1958 жылдан бастап ай сайын шығады

www.kstu.kz











# Стратегическое развитие университета



**В Карагандинском техническом университете имени Абылкаса Сагинова состоялся визит Председателя Совета директоров Алихана Мухамедьевича Байменова и члена Совета директоров Ерлана Маратовича Оспанова. Перед участием в заседании Совета директоров, на котором рассматривались вопросы стратегического развития университета, гости ознакомились с научно-образовательной и исследовательской инфраструктурой вуза.**

В ходе визита была представлена современная научная и учебно-производственная база университета, ориентированная на решение прикладных задач промышленности, подготовку востребованных кадров и развитие технологического предпринимательства.

Гости посетили научно-образовательные комплексы «Цифровые технологии в энергетике», «Нанотехнологии и металлургия», «Цифровые технологии на транспорте» и «Цифровые технологии в горном деле», Центр рабочих профессий, испытательную лабораторию «Комплексное освоение ресурсов минерального сырья», учебный полигон «Горношахтное оборудование», Международный центр материаловедения, лабораторию «Метановая энергетика», Центр геосканирования, а также авторизованные обучающие центры компаний Schneider Electric и Mitsubishi Electric.

Важное внимание было уделено взаимодействию научных коллективов с индустриальными партнерами, а также возможностям выполнения прикладных научных исследований, ориентированных на задачи реального сектора экономики.

Также гости посетили площадку Business Skills Park, где ознакомились со студенческими стартапами. Сегодня в университете формируется полноценная предпринимательская среда: часть проектов уже вышла на этап устойчивых продаж, другие находятся на стадии формирования MVP и имеют высокий потенциал роста.

Особенно теплым моментом стала встреча Алихана Мухамедьевича со своими преподавателями и сокурсниками. Будучи выпускником университета, он с искренним интересом пообщался с теми, кто сегодня продолжает развивать его alma mater. Как поклонник футбола, Алихан Мухамедьевич также проявил интерес к университетской команде по футзалу и пожелал ей дальнейших успехов.

В завершении визита Алихан Мухамедьевич передал в фонд библиотеки университета книги и научные журналы, а также ценный подарок — национальную игру «тоғызқұмалақ», которая станет частью культурно-образовательной среды вуза.

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ
## ЧИТАЙТЕ В НОМЕРЕ



**Награды и грамоты!**
Как чествовали преподавателей КарТУ
Стр. 2-3.



**Лучший преподаватель вуза – 2025!**
Интервью с обладателями почетного звания
Стр. 7.

**Международный форум CSAF 2026**
В Китае презентовали систему образования в Казахстане
Стр. 11.



**Цифровая автоматизация**
Отборочный этап Международного инженерного чемпионата CASE-IN
Стр. 11.

**Последствия испытаний**
Круглый стол, посвящённый 35-летию закрытия Семипалатинского ядерного полигона
Стр. 13.

**Мас-рестлинг**
Практическое освоение базовой техники и тактики
Стр. 14.















# Ғылым күнімен!

**Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Басқарма төрағасы-ректоры Сауле Сагинтаева ұжымды кәсіби мерекемен құттықтап, қазіргі қоғамдағы ғылымның маңызды рөліне тоқталып, мемлекет тарапынан ғылыми салаға көрсетіліп отырған қолдаудың жүйелі түрде күшейіп келе жатқанын жеткізді: іргелі және қолданбалы зерттеулерді қаржыландыру көлемі артуда, ғылыми ұйымдар жаңғыртылуда, ғылыми әлеуетті дамытуға және зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізуге барынша жағдай жасалуда.**

Бұл шаралар ғылымның дамуына, жастардың қызығушылығын арттыруға, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын дамытуға ықпал етеді. ҚарТУ ғалымдары Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді іске асыруға өз үлесін қосуда. Ғылым күніне арналған салтанатты шара барысында ғалымдар, профессорлық-оқытушылық құрам және университет қызметкерлері марапатталды.

Ғылым, техника, технологиялар және инновациялар салаларындағы елеулі жетістіктері, сондай-ақ ғылыми кадрларды даярлау мен тәрбиелеудегі табыстары үшін ҚР ҒЖБМ-нің «Ғылым үздігі» құрметті дипломымен марапатталды:

Кадыров Адиль Суратович — «Көлік техникасы және логистикалық жүйелер» кафедрасының профессор-зерттеушісі, техника ғылымдарының докторы, профессор;

Шорманбаева Динара Госмановна — «Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы.

Тіл саясатын дамытуға қосқан ерекше үлесі және тіл саласын жетілдіруге белсенді қатысқаны үшін ҚР ҒЖБМ-нің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды: Түсіпбеков Жарқын Амантайұлы — «Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы;

Қазақ тілінің мәртебесін арттырудағы шығармашылық белсенділігі және гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты нығайту мен дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін ҚР ҒЖБМ-нің «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісімен марапатталды:



Нұғман Бахредден Ғабдылбақиұлы — «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессор ассистенті, философия ғылымдарының кандидаты.

Білім, ғылым және тіл саясаты саласындағы жоғары жетістіктері, табысты еңбегі және елеулі еңбегі үшін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталғандар:

Аубакиров Дастан Рахметоллаевич — «Металлургия және жаңа материалдар» кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы.

Танекеева Гаухар Джошина — «Кәсіпорын экономикасы және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы;

Ахматнуров Денис Рамильевич — «Метан энергетикасы» зертханасының жетекшісі, PhD докторы;

Дуганова Гульден Канатовна — Білім алушыларға қызмет көрсету орталығының әдіскері;

Табысты қызметі, шығармашылық белсенділігі және іс-шараларды өткізуге қосқан үлесі үшін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды:

Иманов Едил Куттыбаевич — «Құрылыс материалдары және технологиялар» кафедрасының меңгерушісі;

Абдин Азат Жасуланович — «Киберқауіпсіздік және жасанды интеллект» кафедрасының оқытушысы;

Нуртай Маргулан Даутович — «Ақпараттық-есептеуіш жүйелер» кафедрасының оқытушысы;

Мусин Равиль Альтавович — «Пайдалы қазбалар кен орындарын игеру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), PhD докторы;

Макашева Анар Талгатовна — Ғылым және инновациялар департаментінің инженері.

# ҚарТУ ғалымдары «AMANAT» партиясының марапатына ие болды




**Салтанатты іс-шара аясында өңірдің жас ғалымдарымен кездесу ұйымдастырылды.**




Университет ғалымдары ғылыми әлеуетті дамытуға бағытталған «SCIENCE JAM: Қарағандыға арналған идеялар» брейнштормингі барысында өңірдің өзекті мәселелерін талқылап, оларды шешу жолдары бойынша ұсыныстарымен бөлісті.

Іс-шарада университеттің коммерцияландыру кеңсесінің экономисі Иван Субботинге партия билеті табысталды. Сонымен қатар, ғылым мен білімді дамытуға қосқан үлестері үшін Партияның Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Б.Алтынбековтің Алғыс хаттарымен Ғылым және инновациялар департаментінің инновациялар және ғылыми-техникалық бағдарламалар бөлімінің инженері Карина Алтайбаева, т.ғ.м., Ғылыми зерттеу қызметі бөлімінің инженері Шәдетқызы Айтолқын және э.ғ.м., Коммерцияландыру офисінің экономисі Иван Субботин марапатталды.

Жас ғалымдармен өткен брейнштормингте қазылар алқасының мүшесі ретінде атсалысқан Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Зауре Қартова Алғыс хатқа ие болды.

# Мемлекет басшысының Алғыс хаттары табысталды



**Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы Нұркен Кобжанов жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдумда азаматтық жауапкершілік танытқан бірқатар белсенділерге Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хаттарын табыстады.**

Марапатталғандардың қатарында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Басқарма төрағасы — ректоры Сауле Сагинтаева және әлеуметтік-тәрбие ісі жөніндегі проректор Абай Қалықов бар.

Іс-шара барысында марапат иелерінің референдумды ашық өткізуге қосқан үлесі, сондай-ақ азаматтық қоғамды дамытудағы рөлі атап өтілді.



# Дни казахстанского образования в Монголии



**Представители Saginov Technical University приняли участие в масштабной выставке «Дни казахстанского образования» в Баян-Улгийском аймаке Монголии, где презентовали возможности университета для абитуриентов из-за рубежа.**

Данная образовательная выставка была организована при поддержке НАО «Фонд Отандастар» при Министерстве иностранных дел Республики Казахстан, а также местного акимата, и объединила на одной площадке ведущие высшие учебные заведения Казахстана. Основной целью мероприятия стало широкое ознакомление этнической казахской молодежи с возможностями получения образования в Казахстане, а также предоставление полной информации о государственных программах поддержки.

В этом году в выставке приняли участие представители более 10 ведущих высших учебных заведений Казахстана, в частности: Карагандинский технический университет имени А.Сагинова, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилёва, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Astana IT University, Astana International University, Esil University, ALT University имени М.Тынышпаева, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Аркалыкский педагогический университет имени Ы.Алтынсарина и Академия «Болашак».

В торжественном открытии мероприятия принял участие аким Баян-Улгийского аймака Зангар Есентаевич, который отметил важность «золотого моста» в сфере образования и культуры между двумя странами.

В ходе выставки представители Saginov Technical University подробно рассказали абитуриентам и их родителям об образовательных программах, возможностях грантов, академической мобильности и социальной поддержке студентов. Также была презентована современная материально-техническая база и международные партнерские отношения университета.

Как отметил специалист «Фонда Отандастар» Талгат Кенжеханович, с каждым годом растёт число молодых людей, проявляющих интерес к грантам и льготам, что, в свою очередь, свидетельствует об укреплении гуманитарных связей между двумя странами.

Для Saginov Technical University данная выставка стала одним из важных шагов в направлении предоставления качественного образования казахской молодежи за рубежом. В дальнейшем университет планирует активно участвовать в международных образовательных выставках и продолжит предоставлять абитуриентам всестороннюю информацию.

# Saginov Technical University-де Ғылыми кеңестің отырысы өтті



**Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде Ғылыми кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиын барысында алдымен студенттердің жетістіктері атап өтілді. Халықаралық волонтерлар жылы аясында өткен форумда «Ақниет» волонтерлік ұйымы қоғам игілігіне қосқан үлесі үшін «Қамқор жүрек» номинациясымен және 150 000 теңге сертификатымен марапатталды. Ұйым жетекшісі, С-23-2 тобының студенті Айым Тілеш Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың дипломына ие болды. Сонымен қатар, облыстық «Көктем Аруы — 2026» байқауында Гран-при жеңіп алған Арх-24-2 тобының студенті Айкуним Бактыбай 100 000 теңге көлеміндегі ақшалай сыйлықпен марапатталды. Университеттің басқарма төрағасы-ректоры Сауле Сагинтаева студенттерді жетістіктерімен құттықтады.**





Ғылыми кеңестің күн тәртібіне сәйкес Халықаралық ынтымақтастық департаментінің 2025 жылда атқарылған жұмысы туралы департамент директорының міндетін атқарушы Баян Маударбекова баяндама жасады. Университет интернационалдандыру бағытында тұрақты дамуды көрсетуде: 44 студент шетелдік жоғары оқу орындарында білім алды, 56 магистрант пен докторант халықаралық тағылымдамадан өтті, университетте 116 шетелдік студент білім алуда, 20 жаңа халықаралық келісім жасалды. Еуропа және Азия университеттерімен ынтымақтастық кеңейіп, академиялық ұтқырлық пен Erasmus+ бағдарламалары жүзеге асырылуда, қосдипломды білім беру дамып, профессор-оқытушылар құрамының халықаралық бастамаларға қатысуы артуда. Жиын қорытындысы бойынша Департаменттің қызметі қанағаттанарлық деп танылып, халықаралық байланыстарды кеңейту, академиялық ұтқырлықты арттыру және шетелдік студенттерді тарту бойынша міндеттер айқындалды.

Сондай-ақ, Үздіксіз білім беру институтының 2025 жылда атқарылған жұмыстары және «Күміс университет» бағдарламасының іске асырылу барысы туралы институт басшысы Нұрлан Алтынбеков баяндама жасады. Есептік кезеңде Институт тұрақты өсім мен тиімділікті көрсетті: 500-ден астам қызметкер біліктілігін көтерді, 700-ден астам тыңдаушы ақылы курстарды аяқтады, білім беру қызметтерінен түсетін кіріс үш есе өсті. Арнайы назар «Күміс университет» бағдарламасына аударылды, ол егде жастағы азаматтар арасында жоғары сұранысқа ие. Ғылыми кеңес аталған бағыттар бойынша оң нәтижелерге қол жеткізілгенін атап өтті.

Кәсіпорындар мен әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық кеңейіп, заманауи білім беру технологиялары енгізілуде.

Ғылыми кеңес қорытындысы бойынша білім сапасын арттыруға, цифрлық шешімдерді енгізуге және университеттің аймақтағы рөлін нығайтуға бағытталған негізгі даму бағыттары анықталды.







# Жастар ел болашағы: студенттерге Конституциялық өзгерістер түсіндірілді





**Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде жаңартылған Конституция ережелерін түсіндіруге арналған студенттермен кездесулер жалғасуда.**

Кездесу барысында әлеуметтік-тәрбие ісі жөніндегі проректор Абай Қалықов мұндай шаралардың жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруда маңызды екенін атап өтіп, елдің ертеңі — жаңа конституциялық қағидаттарға сүйеніп, Қазақстанның болашағын қалыптастыратын жас буынның қолында екенін студенттерге жеткізді.

Сондай-ақ «ҚХА және ӘГП» кафедрасының аға оқытушысы Гүлзада Альжанова баяндама жасап, конституциялық өзгерістердің



негізгі бағыттарын, олардың тәжірибелік маңызын және елдің болашағына әсерін түсіндірді.

Кездесу барысында жастардың Конституцияның мәнін терең түсінуі, азаматтық жауапкершілігін сезінуі және ел дамуына белсенді араласуының маңыздылығына ерекше назар аударылды.



# Saginov Technical University провел рабочую встречу с международными партнёрами



**В Saginov Technical University состоялась рабочая встреча с международными партнёрами из Китая по организации Международной летней школы по беспилотным летательным аппаратам (дронам).**

Во встрече со стороны университета приняли участие ректор и председатель правления Сауле Сагинтаева, член Совета директоров и независимый директор, председатель Комитета по назначениям и вознаграждениям Ерлан Оспанов, проректор по науке и инновациям Али Мехтиев, проректор по стратегическому развитию и интернационализации Тимур Канапьянов, декан Факультета информационных технологий Алексей Калинин, руководитель Института непрерывного образования Нурлан Алтынбеков, заведующий кафедрой «Радиоэлектроники и телекоммуникационных технологий» Нурбол Калиаскаров и старший преподаватель кафедры «Маркшейдерское дело и геодезия» Дмитрий Ожигин.

В обсуждении также приняли участие представитель китайского бизнеса Zhang Huaijie, директор представительного офиса международного холдинга AVIK в Астане Ansagan Tapei, а также онлайн — представители University of Electronic Science and Technology of China (UESTC) Цзян Даган, Не Вэнькай и Гун Тин.

Стороны обсудили формат и содержание летней школы, включая теоретическую подготовку, практические занятия по сборке дронов, посещение предприятий, вопросы языка обучения, отбора студентов, сроков проведения и финансирования программы. Проект направлен на развитие практических навыков студентов в сфере беспилотных технологий, а также на знакомство с современными производственными процессами, и ожидается, что участие в летней школе позволит студентам получить международный опыт и укрепить профессиональные компетенции в области инженерии и высоких технологий.

# Saginov Technical University заключил меморандумы о сотрудничестве с ведущими вузами Азербайджана

**В Алматы, на базе Казахского национального университета имени Аль-Фараби проходит II Форум ректоров казахстанских и азербайджанских университетов «Study in Azerbaijan».**




В работе форума принимают участие Председатель правления — ректор Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова Сауле Сагинтаева и проректор по стратегическому развитию и интернационализации Тимур Канапьянов. В рамках форума Сауле Сагинтаева подписала меморандумы о сотрудничестве с ведущими вузами Азербайджана, предусматривающие развитие академической мобильности, научного взаимодействия и участие в инновационных проектах: Azerbaijan Technical University, Sumgait State University и Khazar University.

Цель сотрудничества — развитие образовательной и научно-исследовательской деятельности, совместная подготовка научных проектов, а также содействие академическому обмену преподавателей, студентов и сотрудников.

Подписанные соглашения открывают новые возможности для проведения совместных исследований и укрепления международного партнерства. Это событие свидетельствует о расширении взаимодействия между Казахстаном и Азербайджаном в сфере образования и закладывает основу для дальнейшего развития сотрудничества в области инженерного образования, научных исследований и высоких технологий.



# Saginov Technical University-де шетелдік ғалымдардың жұмыс сапары өтті



**12–16 сәуір аралығында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде Erasmus+ академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Польшадағы Познань технологиялық университетінен шақырылған ғалымдардың сапары өтті.**

Мақсат — халықаралық академиялық ынтымақтастықты дамыту, білім және ғылым саласындағы тәжірибе алмасу, сондай-ақ мамандарды даярлау сапасын арттыру.

Менеджмент және есептеу жүйелері институтының Инженерлік менеджмент факультетінің профессорлары — экономика ғылымдарының докторы Ханна Влодаркевич-Климек және техникалық ғылымдар бойынша PhD Иоанна Калковска университет қызметімен танысып, «Кәсіпорын экономикасы және менеджменті» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамымен бірге «Цифрландыру жағдайында білім беру бағдарламаларын жетілдіру», сондай-ақ олар Көлік, логистика және инженерлік экономика факультеті ұйымдастырған Ғылым күні аясындағы «Көліктегі және инженерлік экономикадағы ғылыми зерттеулер мен практикалық шешімдердің интеграциясы» атты дөңгелек үстел жұмысына қатысты. Бұған қоса олар сабақ өткізіп, онда стратегиялық талдау жүргізу, тұрақты даму мәселелері, ұйымның миссиясы мен мақсаттарын айқындау, сондай-ақ бизнес-стратегияларды әзірлеу сияқты өзекті тақырыптар қарастырылды.

Жұмыс сапарының қорытынды күні қонақтар университет басшылығымен кездесті. Басқарма төрағасы — ректор Сауле Сагинтаева шетелдік сарапшыларға бірлескен жұмыс үшін алғыс білдіріп, халықаралық ынтымақтастық білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы екенін айрықша атап өтті.

Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын іске асыру халықаралық тәжірибе алмасуға, білім сапасын арттыруға және студенттердің кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.



ЖОО ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ — 2025

# АТАҚТЫ АКАДЕМИКТІҢ ШӘКІРТІ



**Өткен жылы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» республикалық конкурста жеңімпаз болғандардың бірі Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ Тау-кен факультеті «Пайдалы қазбалар кен орындарын өндіру» кафедрасының профессоры Тұяқ Көпейұлы Исабек.**

Нұра ауданының Көбетей ауылында (бұрынғы "Чернигов" совхозы) 1950 жылы туған. Сол ауылында 1967 жылы орта мектептің орыс сыныбын бітірген жас жігіт Қарағанды политехникалық институтына келіп, құрылыс факультетіне құжатын тапсырады. Бірақ бір балы жетпей, конкурстан өте алмай қалады. Қайда барарын, не істерін білмей дағдарып қалған өзі сияқты бір топ баланы сол кездегі ректор Әбілқас Сағыновтың өзі жинап, қазақ кадрларын даярлау ісіне мән беріліп отырғандықтан, тау-кен факультетіне түсуге кеңес береді. Әке-шешеден ерте айырылған әкесі Көпей соғысқа қатысқан кісі екен. Сол кезде үш жыл немістерде тұтқында болыпты. Содан соғыс біткен соң босатылып, еліне 1946 жылы ғана оралған. Әкесі 1949 жылы 33 жасында қайтыс болған соң үш айдан кейін туған ұлдың атын әкеден қалған жалғыз тұяқ деп атын Тұяқ қойыпты. Сол әкесі қайтыс болар алдында шахтада істеген екен. Тау-кен факультетіне түсем деген ойында жоқ жігіт әкесінің кенші болғаны ойына оралып, осы факультетке түсіп кетеді.

*— Кейін осы оқу орнын бітірген соң осында инженер етіп қабылдады. Одан оқытушы болдым, кейін аға оқытушы болдым. Ғылыми қызметкер болдым. Содан 1985 жылы кандидаттық диссертация қорғадым. 1997 жылы докторлық диссертация қорғадым. Осы докторлық диссертациямның ғылыми жетекшісі Әбілқас Сағынұлының өзі болды. Содан осы кафедраның доценті, одан соң профессоры болдым. Бір кезде осы кафедраның меңерушісі болдым. Факультеттің деканы да болдым. Қазір осы кафедрада профессор болып қызмет атқарып жатырмын. Тау-кен ғылым академиясы мен Жаратылыстану ғылым академиясының академигімін. Қазіргі кезде құрылысшы бола алмай қалғаныма өкінбеймін,* — дейді Тұяқ Көпейұлы бізбен әңгімесінде.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен, «ҚР Ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» белгісімен марапатталған. Нұра ауданының Құрметті азаматы. «Шахтер Даңқы» белгісінің толық иегері. Наградаларының жалпы саны жиырмадан асады. 500-ге жуық ғылыми мақалалар мен еңбектердің авторы. Оған өзі жазып шығарған 25 монография қосылады. Сонымен бірге көптеген оқу құралдары мен оқулықтардың, ғылыми мақалалардың авторы.

«ЖОО-ның Үздік оқытушысы» атағын (2004, 2008 жылдары және өткен 2025 жылы) үш рет алған. Басында 5 жылдан соң конкурсқа қайта қатысуға болатын. Қазір он жылдан соң беретін болды. Бұл республикалық конкурс еңбек көрсеткіштеріне байланысты. Сол бойынша бағалайды.

*— Қолымнан келгенше еңбек жасап жатырмын,* — деді бұдан соң Тұяқ Көпейұлы. — *Басқа да шаруалармен айналысатыным бар. Жаңа шежіренің авторының бірімін. «Тоқа шежіресі» деген, «Қарпық және Қожа шежіресі» деген кітаптар шығардық.*

Қазір Тұяқ Көпейұлы бакалаврларға сабақ бермейді, негізінен магистранттар мен докоранттар дайындайды. Арасында лекция да оқып қояды. Көбінесе магистранттар мен докоранттардың ғылымизерттеу жұмыстарына жетекшілік етеді. Магистранттардың ғылыми зерттеу жұмысы деген бағыт бар. Сол бойынша жұмыс істейді. Осы факультетте Диссертациялық кеңес бар, қазір 2015 жылдан бері соның төрағасы. Бұрын кандидаттық және докторлық диссертациялық кеңестер болатын, енді қазір ол «PhD докторлық диссертациясы» деп аталады. Сол кеңесте оншақты PhD ғылыми диссертациялары қорғалды.

Өткен жылы Үздік оқытушы атағын алу үшін үш жылға грант ұтып алған. Ол ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі бойынша ғылыми жоба. Оның тақырыбы жер астында көмірмен қатар жүретін метан газын жинап, соны пайдаланумен байланысты. Бұл жұмысты жүзеге асырғанда халыққа да пайдасы тиеді және айналадағы орта, яғни экология да залалсыз болады. Метан өте құнды, бірақ өте қауіпті газ. Сол мақсатта сегіз адам жұмыс істеп жатыр екен. Тұяқ Көпейұлы сол жобаның ғылыми жетекшісі. Арасында магистранттар да, докторанттар да бар. Бұл әсіресе Қарағанды үшін маңызды мәселе.

Міне, осындай жұмыс істеп жатқан «ЖОО-ның Үздік оқытушысы — 2025» Тұяқ Көпейұлы Исабекке зор табыс тілейміз.

**Сүйіндік Жанысбай**

# Soft skills как инструмент повышения конкурентоспособности будущих инженеров

**Soft skills как катализатор конкурентоспособности инженеров будущего — это не просто насущная тема, но и один из ключевых факторов успеха в условиях цифровой трансформации и внедрения искусственного интеллекта. В стремительно автоматизирующемся мире конкурентное преимущество получают не только специалисты, владеющие техническими знаниями, но и те, кто умеет грамотно управлять смыслами, командой и коммуникацией. Способность превращать сложные расчеты в работающие решения сегодня зависит от развития именно «мягких навыков».**

Актуальность рассматриваемой проблематики получила практическое подтверждение в ходе моего участия в конкурсе студенческих исследовательских работ «Профессиональный выбор молодёжи в эпоху цифровизации и искусственного интеллекта» среди студентов 1 курсов КарТУ имени А.Сагинова. В рамках конкурса был представлен проект «Роль soft skills в повышении эффективности инженерной деятельности», результаты которого позволили аргументированно обосновать значимость гибких компетенций как одного из ключевых факторов профессиональной успешности будущих инженеров в условиях цифровой трансформации.

Проведённый мною социологический опрос среди студентов инженерного профиля показал, что будущие специалисты четко осознают смену парадигмы успешного профессионала. Около 80 % респондентов заявили, что одних только технических знаний (hard skills) в современных реалиях недостаточно для полноценной самореализации. Именно такие качества, как коммуникация, работа в команде и критическое мышление, по мнению респондентов, являются ключевыми факторами эффективности обучения и будущей карьеры. Заметили участники очень важный факт, что адаптивность и навыки тайм-менеджмента становятся особо актуальными при выполнении комплексных проектов.

Исследование убедительно показало, что в эпоху искусственного интеллекта успех специалиста определяется способностью адаптироваться к новым условиям и развитым эмоциональным интеллектом. Поэтому можно с уверенностью утверждать, что, рассматривая «Soft skills как инструмент повышения конкурентоспособности будущих инженеров» можно уверенно утверждать, что развитие гибких навыков напрямую влияет на эффективность профессиональной деятельности, позволяя инженеру оставаться незаменимым на динамично меняющемся рынке труда.

Soft skills не заменяют профессиональные знания — они усиливают их. Инженер с развитым эмоциональным интеллектом и навыками коммуникации быстрее адаптируется в коллективе, увереннее проходит собеседования и легче продвигается по карьерной лестнице.

Мир технологий развивается быстрее, чем когда-либо. Искусственный интеллект, автоматизация, цифровые платформы — всё это меняет требования к специалистам. Но парадокс в том, что чем сложнее техника, тем выше ценится... умение общаться.

Недавно среди студентов технических направлений нашего университета был проведено интервьюирование, направленное на выявление представлений обучающихся о значимости различных навыков для будущей профессиональной деятельности. Полученные данные демонстрируют достаточно осознанное отношение студентов к требованиям современного рынка труда.

Так, подавляющее большинство респондентов (77 %) отметили, что работодатели в реальной профессиональной практике оценивают не только уровень профессиональных знаний и технической подготовки, но и личностные качества специалиста. Это свидетельствует о понимании студентами комплексного характера профессиональной компетентности, включающей ответственность, коммуникабельность, инициативность и способность к самоорганизации. В то же время 62 % опрошенных признались, что испытывают трудности при публичных выступлениях. Данный показатель указывает на наличие коммуникативных барьеров и недостаточную уверенность в ситуациях профессиональной презентации проектов, защиты идей и участия в деловых обсуждениях, что особенно актуально для инженерной деятельности, предполагающей регулярное представление технических решений.

Большинство студентов (75 %) подчеркнули, что навыки командной работы напрямую влияют на успешность реализации проекта. Таким образом, обучающиеся осознают значимость кооперации, распределения ролей, эффективного взаимодействия и коллективной ответственности за результат, что соответствует современным требованиям к проектной и производственной деятельности. 58 % респондентов выразили уверенность в том, что университет в полной мере формирует soft skills в рамках учебных дисциплин.

В целом результаты опроса позволяют сделать вывод о высокой востребованности soft skills в профессиональной подготовке будущих инженеров и актуальности их системного формирования в образовательной среде университета.

Таким образом, soft skills выступают важнейшим инструментом повышения конкурентоспособности будущих инженеров. В условиях цифровой экономики и глобальной конкуренции именно сочетание глубоких профессиональных знаний и развитых гибких навыков обеспечивает успешную карьеру, профессиональную мобильность и способность к инновационной деятельности. Будущий инженер XXI века — это не только эксперт в своей области, но и коммуникатор, аналитик, лидер и стратег. И чем раньше мы начнём осознанно развивать эти качества, тем увереннее будем чувствовать себя в профессиональном мире.

**Абибуллин Е. Қ.,**
**студент 1 курса, гр. РЭТ-25-1**
**КарТУ имени Абылкаса Сагинова**

ЛУЧШИЙ ПРЕПОДАВАТЕЛЬ ВУЗА — 2025



# Относись к другим так, как бы ты хотел, чтобы относились к тебе самому

**Продолжаем цикл публикаций о лучших преподавателях вуза 2025 года. Представляем читателям выпускницу Московского института стали и сплавов по специальности «Физико-химические исследования металлургических процессов» Светлану Сергеевну Квон. Ныне она к.т.н., профессор кафедры «Металлургии и новых материалов», является автором более 400 научных и учебно-методических трудов, 22 изобретений, на которые получены патенты Республики Казахстан и СИС РК, 4 евразийских патента.**

- *Подготовленные под ее руководством дипломные проекты и студенческие научно-исследовательские работы неоднократно были победителями конкурса «Золотой Гефест», республиканского конкурса студенческих научных работ и студенческих олимпиад. Ею подготовлено 20 магистров и докторов по специальностям «Металлургия» и «Материаловедение и технология новых материалов».*
- *В 2012 году она была избрана членом-корреспондентом Международной академии информатизации. В 2013 году награждена нагрудным знаком МОН РК «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан».*
- *В 2014 году удостоена государственного гранта «Лучший преподаватель вуза». Победитель городского конкурса «Замандас — 2019» в номинации «Научное открытие — во благо людей».*
- *В 2020 году в составе группы ученых удостоена Государственной премии Республики Казахстан в области науки и техники имени аль-Фараби.*
- *По итогам 2025 года вновь признана одним из лучших преподавателей вуза.*

**— Профессия преподавателя — осознанный выбор или дело случая?**

— Могу с уверенностью сказать, что это был осознанный выбор. Мой дед по маминой линии в свое время окончил Сеульский университет, после известной Сталинской депортации корейцев, попал в Казахстан, долгое время преподавал математику в г. Абае. Отец, Сергей Сын-Гувич — горный инженер, ученый, доктор технических наук, стоял у истоков развития угольной промышленности и более 40 лет проработал в нашем родном «политехе», моя дочь — заканчивает докторантуру. Правда, все мы — специализируемся по разным направлением. Но получается, что я педагог в третьем поколении.

**— Что Вам больше всего нравится в Вашей работе?**

— Работать с молодежью. Не говоря уже о студентах, средний возраст моих молодых коллег, которыми я работаю, составляет 30–32 года. Делюсь с ними своими знаниями и опытом, но многому учусь у них сама. Общение с ними дарит заряд энергии и бодрости. Ну и, конечно, то, что наша профессия — профессия творческая. Касается это как преподавательской, так и научной деятельности.

**— Что, по-Вашему, важнее в науке — гениальность или усидчивость?**

— Гении рождаются один на миллион. Но если говорить о простых смертных, то для занятия наукой у человека, безусловно, должны быть определенные способности. Но и при их наличии без усидчивости результатов не добьешься.

**— Если бы Вы не стали ученой, чем решили заняться?**

— Может быть, посвятила свою жизнь изучению истории. Она мне всегда нравилась. В любом случае, обязательно выбрала что-то связанное с творчеством. Конечно, не стала бы композитором или писателем — это точно мне не дано. Но хотела бы, чтобы в избранной деятельности обязательно присутствовало творческое начало. Вообще, плохо представляю себя в каком-то другом качестве. Моя работа — для меня лучший выбор.

**— Какой бы совет дали новичкам, вступающим на путь преподавания и науки?**

— В первую очередь, работать над созданием прочной профессиональной базы. Мне довелось побывать в ряде стран мира. И во многих из них этому уделяют особое внимание. Необходимо также постоянно расширять общий кругозор. Не ограничиваться рамками своей профессии, а иметь более полное представление об окружающем мире, его причинно-следственных связях, раздвигающих горизонты познания.

**— Нынешние студенты — лучше или хуже тех, кто учился, скажем, 10–15 лет назад?**

— Трудно дать однозначный ответ на этот вопрос. Студенты ведь продукты той образовательной системы, в которой они получали знания. И прежняя, и современная системы образования имеют свои достоинства и недостатки. Поэтому не могу сказать, что те студенты были лучше, а эти хуже.

**— Есть ли у Вас хобби?**

— Наверное, есть, как и у любого человека. Я же не какой-то робот, лишенный всяких чувств. Люблю читать, смотреть балет, изучать историю балета. У нас, в Караганде, и находясь за пределами родного города, если представляется такая возможность, стараюсь попасть на балетные спектакли.

**— Ваш идеал в детстве и сегодня?**

— Как такового идеала у меня никогда и не было. А своеобразным компасом, по которому всегда сверяла свою жизнь, была жизнь моих родителей. На их долю выпали тяжелые испытания. Несмотря на это они оба получили высшее образование в столичных вузах бывшего Союза, трудились, не покладая рук в избранных сферах, снискав авторитет и уважение в своих коллективах, словом, прожили достойную жизнь. Родители были и остаются для меня примером по отношению к работе, друзьям, коллегам и жизни вообще.

**— Какие черты характера Вы уважаете в людях?**

— Сказала бы — порядочность, но это очень емкое понятие. Но если говорить конкретнее, то честность перед самим собой. Это я к тому, что нам нередко приходится идти на компромисс со своей совестью. И только ты сам можешь предельно честно оценивать себя и свои поступки. Вообще, с уважением отношусь к людям, которые придерживаются простого принципа: относись к другим так, как бы ты хотел, чтобы относились к тебе самому.

**— Какая Ваша любимая историческая эпоха?**

— Как говорил кто-то из мудрецов, нет ничего хуже, чем жить в эпоху перемен. Нам выпало жить именно в такое время. Но мне нравится время, в котором я живу. Как нравилось и то, на которое пришлась моя молодость.

**— Что бы Вы пожелали себе в ближайшие 10 лет?**

— Здоровья себе и всем моим близким. Чтобы все сложилось у моих родных, любимой дочери. Чтобы на планете, в стране сохранялись стабильность и мир. Чтобы как можно больше становилось у нас людей, которые с удовольствием спешили на работу и с радостью возвращались домой. Ведь говорят, что именно это характеризует действительно счастливых людей.

**Беседовал Валерий Ким**

# Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығына» іссапар



**Тәуелсіз егемен елдің болашағы-тілін, мәдениетін ұлықтаған ата-баба дәстүрімен туған тілде сусындаған, елінің тілін, тарихын, әдебиетін білетін ұрпақта. Қашанда өсер ел ең алдымен тілін, мәдениетін, ұлттық құндылықтарын құрметтейді. Ана тілімізді құрметтеп, мәртебесін биікке көтеру өз ұлтымыздың алдындағы перзенттік борышымыз. Туған тіліміз-қазақ тілінің өмірдің барлық саласында тамырын тереңге жіберіп дамуына, беделінің жоғары болуына қызмет етіп, өз үлесін қосу әрбір Қазақстан Республикасы азаматының басты парызы. Тіліміздің кең қанат жайып, өркендеуі жолында, қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының ұжымы да өз үлестерін қосып келеді. Осы мақсатта 2026 жылдың 15 сәуірінде «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Әубәкіров Нұрлыбек Маманұлы Астана қаласындағы Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығына» тәжірибе алмасу аясында іссапарға барып, мол тәжірибе алмасып келді.**

Іссапар барысында профессор Н. М. Әубәкіров, Астанадағы Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ұжымымен кездесіп, қазақ тілін шетелдік аудиторияда оқыту тәжірибелерін талқылады. Кездесу барысында профессор түркітілдес және түркітілдес емес шетелдік студенттермен жұмыс істеудің тиімді әдіс-тәсілдері, тіл үйретуде мәдениет аралық коммуникацияның рөлі және қазіргі педагогикалық технологияларды қолдану жолдары туралы баян етті.

Орталық қызметкерлерімен пікір алмасу кезінде «Түркияда қазақ тілін шетелдік ортада оқыту ерекшеліктері және жасанды интеллект технологияларын қолдану мүмкіндіктері» тақырыбында мазмұнды ғылыми-тәжірибелік әңгіме өрбіді.

Н. М. Әубәкіров өз баяндамасында жасанды интеллект негізіндегі тіл үйрету құралдарының (мысалы, автоматты кері байланыс жүйесі, мәтін талдау мен сөйлеуді тану технологиялары) қазақ тілін үйретуде қолданысқа енгізілуінің нәтижелі болатынын атап өтті. Сонымен бірге, қазақ тілін цифрлық кеңістікке бейімдеу және тіл үйрету контентін көптілді ортаға бағыттау қажеттілігі айтылды. Түркия университеттерінде қазақ тілін оқытуға арналған «Қазақ тілі» А1, А2, В1 (түрік тілді аудиторияға арналған) оқу құралы және Шетелдегі қазақ диаспорасына арналған «Қазақ тілі әмбебап оқулығы» (В1, В2) жобасының жетекшісі және авторы Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты Жазира Ысқақовамен кездесіп тәжірибесімен бөлісті. Іссапар барысында Тіл қазына орталығының мақсаты мен тіл үйретудегі негізгі функцияларымен танысты: «Тіл-Қазына» орталығы еліміздегі тіл саясатын іске асырудың қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үлесімді тіл саясатын жүргізіп келеді. Орталықтың негізгі функциялары:

- мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруда ғылыми-әдістемелік сүймелдеуді іске асыру;
- қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің ғылыми-әдістемелік жұмыстарын ұйымдастыру;
- қазақ тілін оқыту әдіснамасын жүйелеу мен стандарттау;
- әдіскерлер мен оқытушыларға әдістемелік көмек көрсету;
- қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуді насихаттау;
- оқу-әдістемелік құралдардың мазмұнын әзірлеу, баспадан шығару;
- қазақ тілін оқыту мен үйретуді ақпараттық сүйемелдеу;

және т. б. Орталықта әр жылдарда оқу-әдістемелік құралдар жарық көрді, атап айтқанда:

- «Мәртебелі сөз»;
- «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшісінің тілдік портфелі»;
- «Жаңа толқын»;
- «Қазақ тілі» деңгейлік оқулықтары;
- «Орысша-қазақша тілашар»;
- Қазақ тіліне баулуға бағытталған балаларға арналған қызықты ертегілер;
- «Қазақ сөзі»;
- Әлем тілдерінде жазылған үздік шығармалардың аудармалары т. б.

Қазақ тілінің бәсекелестікке қабілеттілігін арттырудың тағы бір жолы — ол ақпараттық кеңістікке тілді бейімдеу, яғни кез келген ақпараттық қосым-шалар, платформалар, интернет қосымшалары, мобильді қосымшалар, тілді меңгеруге қажетті бағдарламалар қазақ тілін «түсінетін, қабылдайтын» болуы керек. Қазіргі кезде орталықта осындай өзекті міндеттерді шешуде бірқатар интернет ресурстары бар. Олар қолданбалы сипатта болып, миллиондаған тұтынушылардың игілігіне жарауда. Мысалы, «Tilalemi.kz» порталы — еліміздегі ең үлкен тілдік портал. Ол арқылы тіл саясатының басым бағыттарымен, тіл үйретуге арналған әр түрлі құралдармен, салалық кітапханамен танысуға болады.

Ал, «Abai. institute» сайты — негізінен шетелдегі қазақтардың ана тілін үйренуіне, Қазақстанның мәдениетін, ұлттық құндылықтарын тануына арналған, оны қазақстандықтар да қолдана алады. Порталдың интерфейсі орыс, ағылшын, түрік, неміс, француз, парсы тілдерінде берілген. А1, А2, В1 деңгейлерінің контенті орналастырылған. Қазір порталды 20-дан астам мемлекетте тұратын қандастарымыз қолданады. Сонымен бірге Ресей, Моңғолия, Иран, АҚШ, Венгрия, Франция, Испания, Германия елдерінде тіл үйрету курстары оффлайн форматта жүргізілуде.

«Tilqural.kz» — қазақ тілін 5 деңгей бойынша үйретуге арналған IT жоба. Ол қазіргі заманауи технологияларға негізделіп жасалған. Оны Қазақстан Республикасы азаматтары және шетелдіктер қолдануда. «Қазақ сөзі» мобильді қосымшасы арқылы А1, А2, В1, В2, С1, С2 деңгейлерінің контенті лексикалық және грамматикалық минимумдар арқылы үйретіледі. Жоғарыда атап өтілген жұмыстарды іске асырудың ғылыми негіздемелерін әзірлеу үшін еліміздегі беделді филолог, тілші ғалымдардан, тарих саласының, терминология мен ономастика, лингвистика, шетел тілдерінің сарапшыларынан, IT мамандардан тұратын жұмыс топтары жасақталған.

